

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY



IX Астана экономикалық форумы аясындағы
**«ЖАҢА ДАНУ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАҢА ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ –
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУІНІҢ ДРАЙВЕРІ»**
жас ғалымдардың халықаралық ғылыми конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

I БӨЛІМ

25 мамыр 2016 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной научной конференции молодых ученых
**«НОВАЯ ИНДУСТРИАЛИЗАЦИЯ КАК ДРАЙВЕР ЭКОНОМИЧЕСКОГО
РОСТА В КАЗАХСТАНЕ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ»**
под эгидой IX Астанинского экономического форума

ЧАСТЬ I

25 мая 2016 г.

PROCEEDINGS

of the international scientific conference of young scholars
**«NEW INDUSTRIALIZATION AS A DRIVER OF ECONOMIC
GROWTH IN KAZAKHSTAN IN TERMS OF GLOBALIZATION»**
in the framework of the IX Astana Economic Forum

PART I

25 may 2016

Астана, Қазақстан
Astana, Kazakhstan

УДК 338.28(574)(06)
ББК 65.9(5Қаз)-І 551я431
Ж 28

Редакционная коллегия:

Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.,
Заместитель декана по научной работе, к.э.н., и.о. доцента Бакирбекова А.М.
Заведующий кафедрой «Экономика» к.э.н., и.о. профессора Рахметулина Ж.Б.
Заведующий кафедрой «Финансы» д.э.н., и.о. профессора Садвокасова К.Ж.
Заведующий кафедрой «Туризм» к.э.н., доцент Дуйсембаев А.А.
Заведующий кафедрой «Учет, аудит и анализ» к.э.н, доцент Алибекова Б.А.
Заведующий кафедрой «Менеджмент» д.э.н., профессор Толысбаев Б.С.
Заведующий кафедрой «Экономическая теория и антимонопольное регулирование» к.э.н., доцент
Бабланов Т.К., к.э.н., и.о. доцента Ауелбекова А.К.

Ж28 Жаһандану жағдайында жаңа индустриаландыру – Қазақстанның экономикалық өсуінің драйвері: Жас ғалымдардың халық. ғыл. конф.еңбектер жинағы. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2016.

Новая индустриализация как драйвер экономического роста в Казахстане в условиях глобализации: Сб. материалов межд. науч. конф. молодых ученых. – Астана: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2016.

Proceedings of the international scientific conference of young scholars «**New industrialization as a driver of economic growth in Kazakhstan in condition of globalization**» Astana, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2016.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

Халықаралық ғылыми конференциясының еңбек жинағында жаһандану жағдайындағы жаңа индустриаландыру мен экономикалық өсудің өзекті мәселелері қарастырылған.

В сборнике материалов международной научной конференции рассмотрены актуальные вопросы новой индустриализации и экономического роста в условиях глобализации.

The collection of materials in the international scientific conference considers important issues of the new industrialization and economic growth in globalization.

ISBN 978-9965-31-762-0

ISBN 978-9965-31-762-0

УДК 338.28(574)(06)

ББК 65.9(5Қаз)-551я431

если построить, то некому будет работать в предприятиях из-за отсутствия квалифицированных кадров.

Как отметил, бывший директор по развитию бизнеса группы компаний Chagala, Терри Паэулл, казахстанский гостиничный сектор ожидает светлое будущее. Такие масштабные проекты, как грядущая Универсиада, ЭКСПО-2017 и др. при поддержке правительства активно способствуют продвижению страны на мировой арене и притоку туристов. Благодаря богатым природным ресурсам в Казахстан приезжает множество деловых путешественников, тем не менее настоящее развитие туризма будет только когда будут организованы потоки традиционных туристов. А для этого необходимы инвестиции в инфраструктуру и обучение работников туристической сферы [4].

Анализ сложившейся ситуации с функционированием гостиничных комплексов Казахстана в положении «на плаву» и «ввысь» позволяет с достаточной обоснованностью утверждать, что эффективность гостиничного бизнеса связана в первую очередь со степенью эффективности кадрового менеджмента. Создание управленческой инфраструктуры не связано с крупными инвестициями, а требует, прежде всего, наличия управленческого потенциала, представленного высокопрофессиональными работниками, дефицит которых упоминается постоянно, и в гостиничном бизнесе ощущается все острее [5].

Правительство РК предпринимает активные меры по претворению в жизнь стратегий и принципов концепций социально-экономического развития страны («Казахстан – 2050», «Концепция развития туристской отрасли Республики Казахстан до 2020 года» и «Нұрлы жол»), которые призваны решить проблемы развития гостиничного бизнеса в том числе.

Литература:

1. Интернет-ресурс: <http://articlekz.com/article/7944>
2. Бекбулатова А.М. Эффективность управления гостиничным бизнесом Республики Казахстан. – Астана, 2014
3. Александрова А.Ю. Международный туризм. – М.: Финансы и статистика, 2001
4. Официальный сайт делового портала Kapital.kz <https://kapital.kz/gosudarstvo/42617/gostinichnyj-biznes-rk-nizkij-uroven-servisa.html>
5. Ахметова Г., Кауымбаев Р.Т. Роль гостиничного хозяйства в туризме // Материалы межвуз. студенч. конф. «Конституция Республики Казахстан – правовой феномен современности». – Астана, 2015.

ШЕКАРАЛЫҚ АУДАНДАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ РӨЛІ

Кусаинова А. К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана қ., Қазақстан Республикасы

e-mail: ainura_kkk777@mail.ru

КСРО-ның тарауымен байланысты саяси және әлеуметтік-экономикалық үдерістер Қазақстан Республикасының бірқатар субъектілері шекаралық аудандарға айналуына алып келді. Мұндай геосаяси жер мен рөлдің ауысуы Қазақстан Республикасының жартысынан көп субъектілерінің, соның ішінде Алтай тауларының көп бөлігін алып жатқан Шығыс Қазақстан облысына да әлеуметтік-экономикалық үдерістердің түрленуіне себепші болды. Әріптестермен экономикалық байланыстар халықаралық өзара қарым-қатынас пен трансацияларға айналды, бірақ тараптардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын түсіну сақталды. Аудандардың бұрыннан бар шаруашылық кешендері шекаралардың пайда болуынан сұраныстың төмендеуін сезіне бастады, бірақ жаңа экономикалық қызығушылықтар да пайда бола бастады, ол - туризм және саяхаттау. Қазақстанның Алтай


аумағында ТМД және Прибалтика елдерінің туристері көп жылдар бойында әртүрлі саяхат құруда. Жыл сайын бұл аудан Европа және Америка елдерінің туристерін, балық аулаушыларын, аңшыларын және тағы басқа саяхаттаушылар мен қонақтарды қабылдайды. 1998 жылы Қазақстан Республикасының Үкіметі Шығыс Қазақстан облысында Катонқарағай ұлттық мемлекеттік табиғи паркін ұйымдастыру жөнінде Қаулы қабылданды. 2001 жылдың шілдесінде парк құрылып қызметін бастады. Ұлттық парктің негізгі міндетіне: әлемнің негізгі биотикалық кешендерінің репрезентативті үлгісі ретінде экожүйені сақтау; табиғи ортаның экологиялық әртүрлілігін қолдану; мәдени мұраның аумағы мен нысандарын сақтау; экожүйенің өнімділігін сақтау; туризмді дамыту арқылы шекаралық ауданның экономикалық дамуына қосымша күш қосу. Парктің аумағына төмендегі шекаралар енеді: Солтүстік пен шығысында мемлекеттік шекаралар Ресей мен Қытай; Батысында меридиан бойынша Медведка ауылы; Оңтүстігінде – Қытайға дейінгі Шығыс Қазақстан облысының Катонқарағай және Күршім аудандарының шекаралары [1]. Сол себепті, Шығыс Қазақстан облысына, шекаралық аймақ ретінде трансшекаралық туризмді және туристік кластерді дамытуға зор мүмкіндік бар. Осыған байланысты жергілікті тұрғындардың орналасқан мекенін бұзбай, берілген аумақты қолдануды және қорғауды жүзеге асыруға мүмкіндік тұғызатын структура құрудың қажеттілігі туып отыр. «Жаңа» шекарамен шектесетін аудандардан бөлек, әрқашан мемлекеттік шекара өтіп жатқан бірқатар территориялар экономикалық мәселелердің әсерін сезіне бастады. Сонымен қатар, жаһандану жағдайында шекаралық әріптестік тұжырымдамасы белгілі бір түрленулерді басынан өткеріп жатты. Соған байланысты, шекаралық территорияларда болып жатқан әлеуметтік-экономикалық үдерістер аймақтық экономика аясында басты ғылыми қызығушылықтың объектісіне айналды. Әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай дәстүрлі жабық шекаралық территорияның көрші-мемлекеттердің тиімді экономикалық қарым-қатынас ортасының қалыптасуына себепкер болды.

Қазіргі кезде ғылымда шекаралық аудан анықтамасы мен оның ерекшеліктерін анықтауға бірқатар бағыттар қалыптасқан. С.Н.Грибова осы бағыттарды талдау және синергетикалық тәсілді қолдана отырып, шекаралық аудан өндіріс, айырбас, материалды және басқа да игіліктерді бөлу мен тұтыну үдерістерін қамтитын күрделі ықтимал, қарқынды, ашық жүйе түрінде бола отырып, келесідей өзіне тән ерекшеліктері бар екендігін негіздеді [2]: ұлттық және халықаралық орта деп аталатын жүйеге қарағанда ірі және сыртқы жүйенің болуы; өзіне тән ерекшеліктерінің болуы, соның ішінде «шекара», «шекаралық территория», «шекаралық зона», «шекаралық қатынастар», «шекаралық сауда» элементтерінің болуы; жаһандану үдерісінің өзгерістеріне сезімталдығының жоғарылығы; шекаралық ауданның ұлттық экономикалық қатынастар жүйесіне де, халықаралық қатынастар жүйесіне де бір уақытта бағытталуы; көрші мемлекеттермен тең құқықтық әріптестікті сақтау арқылы ұлттық және экономикалық қауіпсіздікті қамтасыз ету.

Осы жерден, доминанттары мен факторлары ұқсас үдерістер жүретін ішкі аудандарға қарағанда, шекаралық аудандардың әлеуметтік-экономикалық дамуы күрделірек екендігі көрінеді. Осыған байланысты, Л.Л.Божконың көршілес мемлекеттердің қызығушылықтарын сақтаумен және олардың арасында экономикалық, әлеуметтік, құқықтық және саяси жүйелердің өзара әрекеттестігімен байланысты шекаралық үдерістер мен құбылыстар жүріп жататын шекара бойындағы экономикалық және әлеуметтік географиялық зона деп түсіндірілетін «шекаралық кеңістік» терминін ғылыми айналымға енгізу бір жағынан қызық болатын сияқты [3]. Жоғарыда келтіріліген көзқарасқа қарағанда Қазақстан Республикасының әр түрлі субъектілерінің алаңы жағдайында өзекті болатын «географиялық аймақ» терминін енгізу есебінен территорияның әкімшілік шегі көрсетілмеуімен ерекшеленеді. Бұл көзқарас шекаралық өтудің кедендік бекетінен 15 км аймақпен анықталатын еуропалық тәжірибемен келісіліп жатыр. Сондай-ақ әкімшілік факторға баса назар аудармай, шекаралық ауданды бір немесе бірнеше шетелдік аймақтармен кедендік шекарасы бар және олармен тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыруды арттыру мақсатында үкіметаралық келісімдердің неізінде өзара

әрекеттесетін, территорияның ресурстарын біріктіретін, экономикалық тұтас аудан деп анықтау ұсынылады, осы көзқарас тәжірибеде қолданылады. Осылайша, мысалы О.С. Руднева Орынбор облысы мен Башқұртстан Республикасының шекаралық кеңістігіне талдау жасай отырып, осы жерде тек қана үш муниципалды құрылымдардың: Жалпысырттық, Оралалды және Оңтүстік Орал жиынтығын бөліп көрсетуге болатындығын негіздеді [4]. Осындай географиялық (әкімшілік емес) жерге бөлуді Т.Н. Чекалина көршілес әкімшілік аймақтар мен әр түрлі мемлекеттердің муниципалитеттері арасындағы трансшекаралық байланыстарды үйлестіру мен дамытуға жәрдемдесетін институттардың құрылуымен бірге жүретін екі жақты және көп жақты байланыстарды дамыту, және осы байланыстардың негізінде макро-, мезо- және микродеңгейдегі трансшекаралық аймақтар қалыптастыру бойынша келісілген әр түрлі факторлардың қызметі түріндегі трансшекаралық өзара әрекеттестің формасы басқару қызметінің ерекше үдерісі ретінде «трансшекаралық қатынас» ұғымын түсіндіру кезінде қолданды [5].

Бір жағынан, халықаралық қатынастар мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері мемлекеттік басқарудың айрықша құзыреті болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің мен Қазақстан Республикасы субъектілерінің басқаруында отыр, сондықтан осы бағытты тәжірибе жүзінде қолдану да территорияның әлеуметтік-экономикалық дамыту аясындағы жекелеген іс-шараларды жоспарлау мен жобалау үдерстерімен шектелетін болады. Олай болса, шекаралық қатынастар көрші мемлекеттің шекаралық аудандарымен әлеуметтік-экономикалық өзарабайланыстарды нығайтуға бағытталған басқару үдерісі ретінде қызмет атқарады. П.А. Черномаз Харьков және Белгород облыстары арасындағы украин-ресейлік трансшекаралық қатынастардан пайда болған «Слобожанщина» еуроаймағының құрылуын келесідей сипаттады (сурет 1) [6].




Шынында, ұсынылған кезеңдердің реттілігі әр түрлі функцияларымен ерекшеленетін экономикалық кластерлерді құру бойынша жұмыстардың логикасына жақын. Ғалымдар өзінің ерекше функциялары бар экономикалық агент пен субъекті ретінде

аймақты қарастыруды көздейтін шекаралық кеңістіктің дамуының жаңа парадигмаларын қалыптастыруға басты назар аудару керектігін көрсетіп отыр (2-сурет) [2].

Туризм сияқты қызмет түрі барлық көрсетілген функциялардың аясында шектеулі түрде кіретіндігін ескерейік. Осылайша, шекаралардың кедергі функцияларын төмендету рәсімдерді жеңілдетудің нәтижесінде туризмнің дамуының басты алғы шарты ретінде қызмет етеді. Г.И.Немирова экономикалық объектілердің субъектісі ретінде шекаралық аймақтың функцияларының құрамын басқаша көрсетеді.

Бұл жердегі ерекшелігі ретінде шекаралық аймақтың тек қана екі функциясын – кедергі және байланыс функцияларын бөліп көрсетеді. Өз кезегінде осы екі қызмет алты әлеуметтік-экономикалық салада қолданылады. Сыртқы экономикалық қызметті құрылымдық түрлендіру жаңа салалар мен қызмет түрлерінің пайда болуы/түрленуіне алып келеді, ол көрші мемлекеттердің бір бірінің тарихи мен мәдениетіне деген дәстүрлі қызығушылықтары жағдайында туризм дамуының алғышарттарын құрайды.



Сурет 2. Н.С. Грибова бойынша шекаралық аймақтардың функциясы

Жолаушы ағымының қозғалысын қамтамасыз ету, сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту МІСЕ-индустрия сияқты туризм секторының жандануына, шекаралық өткізу пунктерінің өткізу қабілетін арттыру жағыан туризмнің дамуына септігін тигізеді. Экологиялық-саяси қызмет туризм мен тікелей байланысты. Мысалы, Катон-қарағай ұлттық паркінің туристік ресурстарының сан алуан, әрі бай да бірегей қоры туризмді кең көлемде дамытып, туризмнің көптеген түрлерін бір мезгілде қалыптастыруға және де оны болашақта қарқынды түрде өрістетуге жол ашады, сонымен қатар осы өңірде экономиканың тиімді жаңа саласын, яғни рекреациялық туризмді дамытудың бірден бір маңызды алғышарты болып табылады. Катонқарағай ұлттық парк өңірінің туристік әлеуеті өте жоғары. Бұл өңір табиғи туристік ресурстары тарихи-танымдық, емдік-сауықтыру, ғылыми-археологиялық, этникалық, экзотикалық, экстерималды туризм түрлерін қалыптастырып, дамытуға қолайлы жағдайлар жасайды, яғни туристік ресурстарды туристік кластердің бағдарына сай дұрыс әрі оңтайлы түрде тиімді пайдалану жоғары экономикалық

тиімділікке қол жеткізуге мүмкіндік береді және әлеуметтік-экономикалық үдерістерде түрленуіне себепші болды [8].

Туризм көршілес мемлекеттердің тұрғындарының мәдени бірігуіне, іскерлік қатынастарына жәрдемдесе отырып, біріктіру функциясында маңызды рөл атқара алады. Соңында, шекаралық аудандарда туризм көрші мемлекеттерге шекаралық территория тұрғындарының саяхаты жағынан шекаралық қатынас түріне ие болады.

Әдебиеттер:

1. Шығыс Қазақстан облысының туризм және сыртқы байланыстар басқармасының сайты tourism-vs.vko.gov.kz
2. Грибова С.Н. Развитие приграничных регионов России: методология и практика.- Автореф ... докт. экон. наук. - Улан-Удэ, 2011.
3. Божко Л.Л. Теоретико-методологические основы исследования процессов экономического развития приграничных территорий. - Автореф ... докт. экон. Наук. – Екатеринбург, 2011.
4. Руднева О.С. Сравнительный геоэкологический анализ приграничных районов Оренбургской области и Республики Башкортостан. - Автореф ... докт. географ. наук. – Астрахань, 2008.
5. Чекалина Т.Н. Развитие и пространственная дифференциация трансграничного сотрудничества в Балтийском регионе. - Автореф ... канд. географ. наук. - Калининград. 2007
6. Черномаз П.А. Еврорегион «Слобожанщина»: становление и роль в развитии украинско-российского трансграничного сотрудничества // Черномаз П.А. Еврорегион «Слобожанщина»: становление и роль в развитии украинско-российского трансграничного сотрудничества // Междисциплинарные исследования в науке и образовании. – 2012. – № 1 Sp; URL: www.es.rae.ru/mino/157-467 (дата обращения: 11.04.2013).
7. Немирова Г.И. Социально-экономическое развитие приграничного региона: особенности и финансовое обеспечение. - Автореф ... докт. экон. наук. – Оренбург, 2009.
8. Қатон-Қарағай ауданындағы туристік кластерді дамыту туралы //Шығыс Қазақстан облысы Қатон-Қарағай ауданының әкімдігінің ресми сайты <http://katon-karagay.vko.gov.kz>

АЙМАҚТАҒЫ ТУРИСТІК ЖӘНЕ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ИМИДЖДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ МЕН ЖЫЛЖЫТУ ЖОЛДАРЫ

Мизанбаева С. Д., Баймбетова А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: sima_dauletkyzy@mail.ru

Қазіргі уақытта туризм – экономика саласының ең ірі перспективасының бірі болғандықтан, республикалық және аймақтағы туристік әлеутті көтеру басты мақсат.

Аймақтағы туристік инвестициялық имиджді қалыптастыру – ел экономикасының негізгі тіреуіш құралдарының бірі болып табылады. Себебі, әр аймақ өзінің мүмкіншіліктерін пайдалана отырып, оны игеруге және де одан барынша көп пайда түсіруге бағытталады. Еуропалық өркениет пен сәулет өнерінің түрлі кезеңдерінің ескерткіштері сақталған Европа қалалары, Мальдив Республикасы, Куба мемлекеті және т.б. елдерде аймақтық туристік имиджді қалыптастыру тәжірибесі бар. Мысалы, 90-жылдардан бастап, Малайзияны дамытудың бесжылдық экономикалық жоспарларында туризм маңызды орын алып келеді. Осы жоспарлар аясында салық жеңілдіктерін беру (түсімге салықтан босату немесе қонақ үйлерді және басқа туристік объектілерді кеңейту және жетілдіруге арналған кері инвестицияландырудағы жеңілдіктер; импорттық баждардан толық босату) арқылы аймақтық, ауылшаруашылық, экологиялық, круиздік және туризмнің басқа да түрлерін дамыту үшін стратегия қалыптастырылады.